

ӘОЖ 94 (574)

**ЭТНОСАЯСИ СҮРГІН: ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНЕ КӘРІСТЕРДІҢ ЖЕР
АУДАРЫЛУЫ**

Жахина Аяжан Нурлановна

kunkasheva97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 2 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Көшенова Ғ.И

1937 жылдың 21 тамыз күні Кеңестер Одағының Халық Комиссарлар кеңесі және БКП(б) Орталық Комитеті «Қиыр Шығыстағы кәріс халқын шекарадағы аудандардан қоныс аудару туралы» қаулы қабылдады. Бұл қоныс аудару халықтың еркінен тыс, күштеп қоныс аудару еді.

Кәрістердің Қиыр Шығыстан КСРО-ның ішкі аймақтарын көшірудің себебін кеңестік үкімет Жапония тарапынан төніп тұрған соғыс қаупінен деп түсіндірмекке тырысты. Ұлт зиялыларының көптеген көрнекті тұлғалары күштеп көшіру басталмай-ақ қуғын-сүргіннің құрбандары болған еді. Артынан бүкіл кәріс халқы өкілдеріне түгелдей «жапон шпионы» деген айып тағылды. Тағы да дүрбелең, тағы да жат жерге таныс емес, алыс жерге қоныс аудару кәріс халқы үшін тағдырдың ауыр сынағы болды. Көптеген кәрі кісілер мен балалар межелеген жерге жете алмай өліп кетті. Сөйтіп Қиыр Шығыстан күштеп көшіру 1937 жылдың қазанында мерзімен бұрын аяқталды [1].

Қазақстанда тұратын кәрістердің тағдырына байланысты алғашқы құжаттардың бірі – КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1938 жылғы 20 ақпандағы «Қазақ ССР қоныс аударушыларының шаруашылық негіздегі мекемелерге орналастыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы еді. Бұл құжатта Қазақстанға қоныс аударған кәріс отбасыларын орналастыру тәртібі айтылды [2]. Қызылорда облысының Қызылорда қаласына – 1160, Қазалы ауданына – 1139, Қармақшы ауданына – 2155, Жаңақорған ауданына – 600 отбасы қоныстандырылды [2]. Қызылорда облысына келген қоныстанушылардың 3386 колхоздарға және 2241 күріш өсіру саласына, дәнді бақшалық өсіруге, балық шаруашылығына және өнеркәсіп кооперациясына орналасты. 400 отбасы Қызылорда қаласындағы мекемелер мен өндіріс орындарында жұмыс істеді. Көшіп келген кәрістерге жергілікті халық қайырымдылық пен жанашырлық көрсетіп, қолдан келген көмегін аямады. Қоныс ауып келген кәрістер күріш егумен айналысты.

Қызылорда қаласындағы корей ұлттық –мәдени орталығы аймақтың, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өміріне өз үлестерін қосып келеді. 1937 жылы 15 қазанда Қызылорда қаласына көшірілген Қиыр Шығыс педагогикалық институты корей халқы үшін маман дайындайтын бірден-бір жоғары оқу орны болды. Қызылордаға қоныс аударылған педагогикалық институттың алғаш директоры Н.И. Цой болды. Оны 1937-1938 оқу жылында А.А. Боробов ауыстырды. Институт жанында 2 жылдық мұғалімдер институты және жұмысшы факультеті болды. Қазақстан Халық Комиссариатының Кеңесі 1938 жылғы 3 наурыздағы қаулысымен педагогикалық институтқа жедел түрде оқу ғимараты мен 200 орындық жатақхана салу үшін 1 млн 200 мың сом қаржы бөлді. 1938-1939 оқу жылында студенттер саны 380-ге жетті [4]. 1937-1938 «Қызыл қырғын» салдарынан білікті мамандардың, таңдаулы басшылардың жазықсыз сотталуы, атылуы, елдегі жалпы саяси жағдайдың күрделенуі, соғыс қаупінің төнуі сынды келеңсіз жайттар көптеген студенттердің оқу орнын бітірмей кетуіне себеп болды. Қызылордаға қоныс аударылған бұл жоғары оқу орны елімізде білікті мамандар даярлау ісіне елеулі серпін берді.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің баяндама жазбасы: «Қазақстанда корей-қоныс аударушыларды шаруашылыққа орналастыру бойынша жұмыстардың жай-күйі туралы қорытындылар мен ұсыныстар». Ақтөбе қаласына қоныс аударған кәрістерден Л.И.Мирзоянға жазған хатында қиын жағдайда қалғанын, колхоздарда берілген жұмысқа келіспей, мамандық бойынша жұмыс талап етіп жатқанын баяндайды. ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасына И.Тажиеваның баяндама жазбасында кәрістердің ҚазССР жеріне орналасуы туралы жазылған. 1937 жылы Қазақстанға Қиыр Шығыс өңірінен 20530 корей қоныс аударғаны туралы мәліметтер бар [7].

Қоныс аударушы – кәрістердің тұрмыстық шаруашылығы ауыр жағдайда экономикалық-әлеуметтік бейімделу кезеңдерін өткізді. Көбісі тез арада ұжымдық шаруашылықтарға, өнеркәсіп артельдеріне кіріп, еңбек етіп, ел экономикасының көтерілуіне үлес қосты.

Қазақстан Орталық Атқару комитетінің ұйымдастыруы мен облыста 26 жекелеген корей колхоздары құрылды: оның ішінде Қармақшы ауданында –2, Сырдарияда – 7, Шиеліде – 3, Теренөзек, Қазалы, Жаңақорған аудандарында 2 ден. Жаңа қоныстанушы колхоздармен тұрақты мекемелерде қаржы және материалдық ресурстар жетіспеді. Әсіресе қыс уақыттарында тұрғын үй құрылысы, ең қажетті әлеуметтік тұрмыстық және мәдени объектілер, шаруашылық құрылыстарын салу қиынға соқты. Соған қарамастан ұйымдастырушылық тәжірибесі мол азаматтарының арқасында кейбір шаруашылықтарда жақсы тұрмыстық жағдайларға қол жеткізді. Атап айтқанда облыстағы «III-интернационал», «Гигант», «Авангард» колхоздары кезінде Кеңестер Одағындағы суармалы күріш шаруашылығымен шұғылданатын колхоздардың ішіндегі ең алдыңғылары болып көзге түсті [3].

Осындай шаруашылықтарда мол өнім алу үшін күндіз-түні еңбек еткен және басшылық жасаған Цай Ден Хак, Ким Ман Сам, Ким Ик Се, Ким Чон Ден т.б 30-ға жуық өкілдерді үкімет жоғары награда «Социалистік Еңбек Ері» атағымен марапаттады.

Ал Қармақшы ауданындағы «ІІІ-интернационал» колхозын үзіліссіз 46 жыл басқарған Цай Ден Хактың еңбегі ерекше. Цай Ден Хак өзінің ғұмырының соңғы сәтіне дейін өндірістен қол үзбей Сыр өңірінің күріш шаруашылығын дамытуға үлкен үлес қосты. Кәрістердің қоныстануымен Сыр елінде күріш шаруашылығы қалыптасты, халықтың әлауқаты артты. Ең бастысы кәріс халқы мен қазақ халқының арасында достық, ынтымақтастық, бауырластық қарым-қатынастар нығайды.

1930-1940 жылдары республикаға күштеп қоныс аударылған кәрістер Қазақстанның халық шаруашылығының барлық саласында еңбек ете бастады [4].

Тарихқа қайта көз жүгіртер болсақ, кәрістердің көпшілігі Қазақстанға негізінен Ресей аумағынан көшірілген болатын. Мұнда кәрістер Қазақстанмен Орталық Азияға депортацияланған уақытқа дейін 75 жыл тұрмыс кешкен. 1990 жылдың алғашқы жартысында бірнеше мыңдаған кәрістер Орталық Азияның посткеңестік кеңістігінен, оның ішінде Өзбекстаннан Ресейге қарай ағыла бастайды. Осылайша, 1990 жылдардың соңында Ресейдің Волгоград облысында кәріс ауылдары пайда болады.

Тарихи деректер кәрістер қоныстанған негізгі аумақ – Қызылорда облысы болғанын айғақтайды. Жалпы кәрістердің ұлттық театры, алғашқы «Ленин кичи» деп аталатын газеті де Қызылордада қазық қаққанын тарихи құжаттар дәлелдейді. Кәрістеге бұл кезеңде Қазақстанның күріш шаруашылығын көтеру жүктелген болатын. Урбанизация кезінде кәрістердің басым бөлігі Қазақстанның оңтүстік астанасы мен елордаға көптеп көше бастаған.

Қазақстанда тұрған 80 жыл ішінде кәріс диаспорасының арасында өз интеллигенциясы қалыптасып үлгерді. Әлеуметтанушылардың айтуынша, кәрістер мектепте математика, физика, химия сияқты нақты ғылымдарды жақсы меңгерген [5]. Сондықтан мектеп бітірушілердің көпшілігі техникалық институттарға оқуға түскен. Тәуелсіздік жылдарында кәрістер қазақ тілі мен мәдениетін игеруге ұмтылды. Кәріс ұлтының өкілдері орыс тілін жақсы меңгерген.

Айта кету керек, қазақстандық кәрістер өз ұлттық киімдерін киюді үрдіске айналдырған. Базарда кәріс әйелдерінің әзірлеп сататын кәріс салаттары да көпшіліктің сүйікті астарының біріне айналған. Кәрістердің «кукси» деп аталатын лапшасы да қазақстандықтардың жеңік астарының бірі. Алайда, зерттеушілердің пайымдауынша, өткен онжылдықтар ішінде кәрістердің кейбір дәстүрлі тағамдары өздерінің де дастарханынан жойылып кеткен. Қазақстандық кәрістердің туған тілі – өзіндік диаспора тілі болып табылады. Коре мар – кәрістердің жасы үлкендерінің тілі, ол ауызша түрде қазақстандық кәрістер арасында отбасылық-тұрмыстық тіл түрінде ғана қолданылады [6].

Қазақстанда 120-дан астам ұлт өкілдері тұрады, әрқайсысы өз салт-дәстүрлерін сақтай отырып, біздің жас егеменді мемлекетіміздің дамуына үлестерін қосуда. Республикада адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, ұлтаралық келісім мен өзара ынтымақтастықты нығайту қағидаттарына негізделген оның барлық азаматтары арасындағы қарым-қатынастардың өзіндік ерекше үлгісі бар. Қазақстан кәрістері өзінің мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап, ұрпақтарына мұра ретінде қалдырып келеді. Сонымен қатар, халық шаруашылығының барлық салаларында, атап айтқанда - экономика, ғылым, білім, мәдениет, өнер мен спорт көпұлтты қазақстандық қоғамды дамытудағы кәріс диаспорасының рөліне де назар аударылды. Қазақстанда жүз мыңнан астам кәріс ұл өкілдері тұрады. Олар өздерін "Коре Сарам" деп атайды, сонымен қатар еліміздің ең еңбекқор және құрметті ұлттық диаспораларының бірі болып саналады. Қазақстанның кәріс диаспорасы бұрынғы Одақ ыдырағаннан кейін туындаған қиындықтарды бастан кешірді, жас мемлекеттің қалыптасуының әрбір кезеңіне белсенді қатысты. Бүгінде кәрістер көпэтносты Қазақстан қоғамының ажырамас бөлігіне айналды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов – преступление тоталитарного режима. –Алма-Ата, 1997. –16 с.

2. Калыбекова М.Ч. 2008. История депортированных народов Казахстана (1937-1956 гг.). – Алматы, ТОО «Издательство ЖЕМ», 2008. 188с.
3. Кан Г.В. 1994. Корейцы Казахстана: Исторический очерк. –Алматы: Казахстан, 1994. –240 с.
4. Кан Г.В. 1995. История корейцев Казахстана. –Алматы: Ғылым, 1995. –208с.
5. Ким Г.Н. Избранные труды по корееведению. Алматы: Издательство Казну, 2013, - 775 стр
6. Мин Л.В. Семейные традиции и обычаи корейцев, проживающих в Казахстане. Алматы, 1992.
7. Президент архивы. 23.11.1937-08.01.1938 Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің баяндама жазбасы